



ПРЕЗИДЕНТ ГОНКОНГ АРНАЙЫ ӘКІМШІЛІК АУДАНЫНЫҢ БАСШЫСЫ ДЖОН ЛИМЕН КЕЗДЕСУ ӨТКІЗДІ

Қасым-Жомарт Тоқаев мәртебелі мейманға ілтипат білдіріп, Қытай Халық Республикасы Гонконг Арнайы әкімшілік ауданының Басшысы Қазақстанға алғаш рет келіп отырғандықтан бұл сапардың маңызы айрықша екенін айтты.

— Бұл уақиға Қазақстан мен Гонконг, кеңінен алып қарағанда, мәңгі жан-жақты стратегиялық серіктестік байланыстыратын Қазақстан мен Қытай арасындағы ынтымақтастықты дамытуға тың серпін беретіні сөзсіз. Елдеріміздің арасында жоғары деңгейдегі саяси диалог орнаған, сауда-экономикалық және инвестициялық ықпалдастық қарқынды дамып келеді. Гонконгпен қарым-қатынасымыз туралы да дәл осылай айтуға болады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы инвестиция, инновация, технология және халықаралық сауда салаларында әлеуеті зор Гонконг әлемде жетекші қаржы және іскерлік орталықтардың бірі ретінде ерекше рөл атқаратынын атап өтті. Президент бұл сапар өзара тиімді ынтымақтастықты нығайтуға, іскерлік қарым-қатынасты кеңейтуге және инвестиция, қаржы,



цифрландыру, жасанды интеллект, көлік-логистика бағыттарында бірлескен перспективті жобаларды жүзеге асыруға жол ашатынына сенімді екенін жеткізді.

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға салмақты бизнес-делегациямен бірге келгені үшін

мәртебелі мейманға ризашылығын білдірді. Бұл Гонконг іскерлік қауымдастығының елімізбен ынтымақтастықты арттыруға үлкен қызығушылық танытып отырғанын байқатады.

Джон Ли қонақжайлық көрсеткені үшін Президентке алғыс айтып, Гонконгтың

Қазақстанмен кешенді ықпалдастықты одан әрі тереңдетуге дайын екенін растады.

— Аталған сапарға ерекше мән беремін. Менімен шетелге шыққан делегациялардың ең ауқымдысы осы болды. Оның құрамына логистика, «жасыл» энергетика, тау-кен өнеркәсібі, инновация мен технология және білім беру сияқты басты салаларда еңбек ететін 75 ресми тұлға мен кәсіпкер енді, — деді Джон Ли. Гонконг Әкімшілігінің Басшысы ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің Қазақстанда көтерілген «Бір белдеу, бір жол» бастамасы екі ел арасындағы берік әрі достық байланыстардың жарқын көрінісіне айналғанына тоқталды.

Оның айтуынша, Қытай Халық Республикасының арнайы әкімшілік ауданы саналатын Гонконг аталған бастаманы ілгерілетуге белсенді түрде атсалысып келеді. Сонымен қатар өңіраралық байланыстардың кеңеюі қалаға елеулі артықшылық береді.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Джон Ли екіжақты күн тәртібіндегі бірқатар нақты мәселені талқылап, сауда-экономикалық ынтымақтастықты одан әрі жандандыруға өзара мүдделі екенін растады.

► Президент тапсырмаларын жүзеге асыру

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында өндірістегі қауіпсіз еңбек жағдайлары мен өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері қаралды. Онда еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Асқарбек Ертаев, төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әрінов, өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев, сондай-ақ ірі өнеркәсіп кәсіпорындарының басшылары мен Шығыс Қазақстан, Павлодар және Қарағанды облыстарының әкімдері баяндама жасады.

Премьер-министр Президент еңбек жағдайларын жетілдіру және жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қорғау мәселелеріне баса назар аударатынын атап өтті. «Мемлекет басшысы сәуір айында Қауіпсіз еңбек жағдайларын жетілдіру және жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қорғау мәселелері туралы Заңға қол қойды. Еңбек заңнамасындағы қолданыстағы нормалар жаңартылуда. Осы шаралардың барлығы еңбек қауіпсіздігі саласындағы заңнамалық базаны жетілдіруге, жұмыскерлердің құқықтарын қорғауға және жұмысшы мамандықтарының беделін арттыруға бағытталған», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Төтенше жағдайлар министрлігінің деректері бойынша жыл басынан бері 570 кәсіпорында тексеру жүргізіліп, өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының 10,4 мыңнан астам бұзушылығы анықталған. Әкімшілік жауапкершілікке 523 лауазымды тұлға тартылып, салынған айыппұлдардың жалпы мөлшері 62,9 млн теңгені құрады. 7 субъектінің қызметі және 695 объект пен техникалық құрылғыны пайдалану тоқтатылды. Қауіпті өндірістік нысандарда жыл басынан бері 12 апат тіркелген, оның салдарынан 5 қызметкер қаза тауып, 6 адам жарақат алған.

Премьер-министр жұмыс берушілер кәсіпорындарда еңбек қауіпсіздігін одан әрі қамтамасыз ету үшін тиісті шараларды қабылдауы қажет екенін баса айтты.

Үкіметте қауіпсіз еңбек жағдайлары мен өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шаралар қаралды

Осыған байланысты Еңбек министрлігі өндірістік жарақат алу көрсеткіші бойынша барлық ірі кәсіпорындардың басшылары үшін KPI енгізуі қажет. Оның орындалмай қалуы басшылықтың жалақысына және жалпы жұмыста қалуына тікелей әсер етеді.

Қауіпсіздікке, автоматтандыруға және цифрландыруға салынған инвестициялардың қайтарымы да, әдетте бірнеше есеге жоғары екені атап өтілді.

Бұл ретте еліміздің жекелеген кәсіпорындарындағы өнеркәсіптік қауіпсіздіктің қазіргі деңгейінде белгілі бір тәуекелдер бар.

Олардың дені тозығы жеткен жабдықтарды уақтылы алмастырмау, өндірістік бақылаудың әлсіздігі және заманауи қауіпсіздік жүйелерінің болмауына байланысты туындап отыр. Бұл, ең алдымен, тау-кен, мұнай-газ және химия кәсіпорындарына байланысты. Өнеркәсіптің осы салаларын ерекше бақылауда ұстаған жөн.

Қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтап, жабдықтарды дер кезінде жаңартып отыру қажет. Бұл ретте, персоналды үздіксіз оқыту мен дайындық деңгейі де өте маңызды. Аталған салада заманауи цифрлық мониторинг, бейнебақылау және өндірістік процесс пен қауіпсіздікті автоматтандырылған бақылау жүйелерін енгізу жұмыстарын жандандыру керек.

Еңбек министрлігінің Еңбек тәуекелдері картасына барлық өндірістік кәсіпорындар, оның ішінде қауіпсіздік пен еңбекті қорғау параметрлері енгізілген.

Алайда, бұзушылықтар кәсіпорындарда ғана емес, сондай-ақ құрылыс нысандарында, қоғамдық тамақтану орындарында да болуы мүмкін. Олар ешқандай мониторингпен және жүйелі тексерулермен қамтылмаған.

Сондай-ақ профилактикалық жұмысты күшейту және шағын және орта бизнес саласындағы қауіпсіздік талаптарының сақталуын бақылау қажеттігіне баса назар аударылды. Тексерулердің нәтижелері көрсеткендей, ірі кәсіпорындар анықталған бұзушылықтарды жою шараларын тез арада қабылдайды. Бұл төтенше жағдайлар қаупін азайтады.

Мұндай нысандарда тіпті әрбір жұмыскердің орналасқан жерін көрсететін жүйелер де бар.

Жұмысшылар жеке қорғану құралдарымен уақтылы қамтамасыз етіліп, өндірістік процестерді бақылаудың қосымша цифрлық шаралары енгізілуде.

Осындай қағидаттарды барлық өндіріс орындары мен компаниялар басшылыққа алуы қажет екені атап өтілді.

Қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету шараларын одан әрі күшейту мақсатында Премьер-министр бірқатар тапсырма берді:

Бірінші. Еңбек министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, Мемлекеттік еңбек инспекциясына кеңейтілген өкілеттіктер беру бөлігінде заңнамалық түзетулер әзірлесін. Бұл ірі кәсіпорындарда ғана емес, сонымен қатар шағын және орта бизнес саласында да еңбек тәртібін нығайтып, қауіпсіздікті сақтауға ықпал етеді.

Екінші. Тұрғын үйлерге жапсарлас салынған немесе солардың ішінде орналасқан қызмет көрсету ұйымдарына айрықша назар аудару қажет.

Әкімдіктер мен Төтенше жағдайлар министрлігі Бас прокуратурамен бірлесіп, газ баллондарының сақталуы мен пайдаланылуын бақылау үшін қоғамдық тамақтану орындарына тексеру жүргізісін.

Өңір әкімдіктері жұмыс берушілермен бірге ұжымдық шарттарды жасасу бойын-

ша тұрақты жұмыстарды қолға алсын.

Сонымен қатар жұмыскерлерді, оның ішінде құрылыс және қызмет көрсету салаларында оқыс оқиғалардан сақтандыру шарттарына қол қою қамтамасыз етілуге тиіс.

Үшінші. Төтенше жағдайлар министрлігі өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының сақталуын нақты үйлестіруді және қатаң бақылауды қамтамасыз етсін. Берілген нұсқаулар мен ескертулердің орындалуына және олар бойынша тиісті шаралардың қабылдануына ерекше назар аудару қажет.

Төртінші. Төтенше жағдайлар, Өнеркәсіп және құрылыс министрліктері жыл соңына дейін өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы цифрлық платформаны енгізу жұмысын аяқтасын.

Бесінші. Еңбек министрлігі жыл соңына дейін «Еңбекті қорғау және қауіпсіздік» сервистік автоматтандырылған жүйесін Денсаулық сақтау, Әділет, Төтенше жағдайлар, Қаржы министрліктерінің және Бас прокуратураның ақпараттық жүйелерімен интеграциялау бойынша шаралар қабылдасын.

Мемлекет басшысы еңбекті қорғау саласын толық цифрландыру және өндірістегі оқыс оқиғалардың алдын алу-ды қамтамасыз ету міндетін қойғаны атап өтілді.

«Кәсіптік тәуекелдерді азайтуға, өндірістік қауіпсіздік мәдениетін нығайтуға және цифрлық шешімдерді енгізуге баса назар аударылуға тиіс. Қорыта айтқанда, еңбекті қорғау саласындағы жұмысты күшейтіп, аталған мәселені тұрақты бақылауда ұстау қажет», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Жалпы үйлестіру Премьер-министрдің орынбасары — мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваға жүктелді.

Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің ғимаратында өңір жастарымен «Адал азамат» тұжырымдамасы аясында еркін форматта мотивациялық кездесу өткізді. Кездесуге университет пен колледждер студенттері, жастар ұйымдарының өкілдері, волонтерлар, жалпы облыс жастары қатысты. Өңір басшысы жастармен әңгімесінде өз ойын әл-Фарабидің «Қайырымды қала» идеясы, Абайдың «Толық адам» ұғымы, Ахмет Яссауидің рухани ілімі сияқты іргелі постулаттарға сүйене отырып жеткізді. Сол сияқты Мемлекет басшысының дала өркениетінің үлгісі ретіндегі Алтын орда туралы халықаралық симпозиумындағы сөзінің мән-мазмұны мен жастардың ақпараттық-құқықтық сауаттылығының рөлі мәселесіне де егжей-тегжейлі тоқталды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

Алдымен Мемлекет басшысының Алтын орда тарихын зерделеуге қатысты сөйлеген сөзіне тоқталып, өз мемлекетінің тарихын тану әрбір азаматқа, әсіресе жастар үшін аса қажет екенін айтты. «Далалық өркениетте заң мен тәртіп, өз заманындағы жаңашылдық пен озық идеялар, көшпелілерге тән экологиялық жауапкершілік, адамдар арасындағы қарым-қатынас мәдениеті – бәрінің де қалыптасқан берік негізі болды. Біз өткенімізді тану арқылы Ұлы Даланың барлық интеллектуалды, рухани мұраларын бүгінмен сабақтастыра ала-



Бейбіт Исабаев «Агал азамат» тұжырымдамасы аясында өңір жастарымен еркін форматта мотивациялық кездесу өткізгі

мыз. Сондықтан төл тарихымызды білу - әрбір жастың қастерлі парызы», - деді Б. Исабаев.

Екінші тұжырым ретінде айтылғаны, әл-Фараби қайырымды қаланы тек экономикасы дамыған орта ретінде ғана емес, ең бастысы рухани мәдениеті жоғары, адамдары бір-бірін сыйлайтын, ізгілікке ұмтылатын қоғам ретінде сипаттаған. Сондықтан мұндай идеалды қоғамға әр адам жеке емес, бірлесіп әрекет ету арқылы жететініне тоқталды.

Үшінші, Абайдың толық адам болу үшін ақыл, қайрат және жүрек үшеуінің

үйлесімі керектігі жайлы ойы кеңінен талданды.

Төртінші, адамды қарапайымдылыққа, сабырлыққа, қанағатқа және ішкі мәдениетке тәрбиелейтін Ясауи ілімі жайлы сөз болды.

Бесіншіден, көз ілеспес жылдамдықпен өзгеріп жатқан кезеңде ақпаратты қабылдау, жақсы-жаман, шын және жалған мәліметті айыра білу, сүзгіден өткізу мәселесі жан-жақты ашылды.

Сол сияқты бүгінгі жаңа заманда жастардың үздіксіз білім алуы, цифрландыру мен IT технологияны меңгеруі, азаматтық сана және құқықтық мәдениетті жетілдіруі туралы кеңінен айтылды. Өңірде жастар тәрбиесіне қатысты қолға алынған менторлық жоба, волонтерлік бастамаларды қолдау шаралары жайлы сөз болды.

- Әл-Фараби қайырымды қоғам туралы, Абай толық адам жайлы, Яссауи рухани тазалық туралы айтты. Ал бүгінгі Қазақстанға осы үшеуін біріктіретін ұрпақ керек. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Адал азамат», «Заң мен Тәртіп», «Таза Қазақстан» идеологиялары осы құндылықтармен үндесіп отыр. Сіздер – Қазақстанның жаңа буынысыздар және жаңа қоғамның авторысыздар. Жастар білімді, құқықтық мәдениеті қалыптасқан саналы болса, еліміздің болашағы мықты болады, - деді Б. Исабаев.

Мұнан соң жастар облыс басшысына өздерінің көкейінде жүрген сұрақтарын қойды. Сұрақтар жастардың көшбасшылық қабілетін дамыту, мемлекеттік қызметке келуі, жаңа медианың дәстүрлі журналистикадан айырмашылығы, облыстың

құрылғаннан бергі жетістіктері сияқты тақырыпта болды.

Кездесуге қатысты жетісулық жастар да өз пікірлерін білдірді.

- Өткен сенбіліктердің бірінде облыс әкімі Бейбіт Исабаев біздің ұсынысымызбен университетке келемін деп уәде берген еді. Бүгін сол уәдеге сай расында өте қызық кездесу болды. Мен өңір басшысына «Мықты лидер болу үшін адамға қандай қасиеттер керек?» деген сауал қойдым. Бұл кездесуден жастар үлкен мотивация алды деп ойлаймын, - деді Жетісу облысының студенттік омбудсмені Ақерке Қызыбай.

Кездесуге келген жастардың бірі ЖУ-дың 1-курс студенті Меруерт Жолдасбаева да ой қосты.

- Бейбіт Өксікбайұлы өзінің өмірлік тәжірибесімен бөлісті, жаңа заманға сай білімді, парасатты азамат болып қалыптасуға қатысты ақыл-кеңестерін айтты. Маған әсіресе, әлеуметтік желінің пайдасы мен зияны, уақытты бағалау, күнделікті тәртіпке төселу жөнінде айтқан кеңестері өте ұнады. Мұның бәрі де менің алдағы өмірімде кәдеме жарайтын пайдалы мәліметтер болғанынан қуандым, - деді ол.

Осы күні облыс әкімі университет ғимаратында студенттердің ғылымдағы, спорттағы жетістіктері паш етілген көрмемен танысты.

Атап өтсек, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде 117 білім беру бағдарламасы бойынша 6 мыңнан астам студент білім алуда. ЖУ – өңірдегі жалғыз жоғарғы оқу орны. Өткен жылдың шілде айында университет базасында Италияның Марке политехникалық университетінің (Marche Polytechnic University) филиалы ашылған болатын. Бұл маңызды бастама Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың елімізде шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу жөніндегі тапсырмасы аясында жүзеге асырылды.

Жалпы, облыста 14 пен 35 жас аралығындағы 186 132 жас тұрады, яғни халық санының 27% құрап отыр, ал оның 83 035-і қалалық жерде, 103 097-і ауылда тұрады. Өңірде 11 жастар ресурстық орталығы бар. Сол сияқты 18 жастар ұйымы жұмыс істейді, олардың 8-і республикалық мәртебеге ие. Оған қоса қазіргі таңда облыс бойынша 1 100 волонтер тіркелген.

**Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.
Суретті түсірген:
Дмитрий ЕРОФЕЕВ.**



► Жетісу облысына – 4 жыл

1,4 млн. ш.м. астам тұрғын үй пайдалануға берілді

Жетісу облысы құрылғаннан бері өңірде 1,4 млн. шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға берілді. Осы уақыт ішінде 10833 отбасына баспаналы болса, соның ішінде өткен жылы «Жетісу жастары», «Маман» бағдарламаларымен және жалгерлік, несиелік тұрғын үйлер берілді, сол сияқты әлеуметтік осал топтарға баспана сатып алынды, тұрғындар апатты үйлерден көшірілді, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Биыл өңірде тұрғын үймен 3 мыңнан астам отбасын қамтамасыз ету жоспарланып отыр. Мәселен, бүгін Халықаралық балаларды қорғау күнінде Ақсу ауданының Жансүгіров ауылында 57 отбасы жаңа пәтерлер мен жеке тұрғын үйлердің кілттерін қолына алып, баспаналы болу қуанышына кенелді.

Қоныстанушылардың қатарында көпбалалы отбасылар, жалғызбасты аналар, жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, мүгедектері бар азаматтар, мүгедектері бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар, зейнеткерлер және басқа да санаттағы тұрғындар бар.

Жаңа қоныс иелерінің бірі Жансүгіров ауылының тұрғыны Гүлмира Оспанова: – Тұрғын үй кезегінде 2017 жылдан бері тұрдым, I топ мүгедегімін. Бүгін көптен күткен екі бөлмелі пәтерімнің кілтін алдым. Тұрғын үй мәселесін шешуде мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдау үшін шынайы алғысымды білдіремін. Баршаңызға жаңа шаңырақта бақ-береке мен амандық тілеймін, - деді.

Тағы бір жергілікті тұрғын Диана Сұлтанғазина да тілегін білдірді: – «Жетім балалар» санаты бойынша тұрғын үй кезегінде 6 жыл тұрдым. Ата-анамнан ерте айырылдым, бүгінде өзім де ана атанып отырмын. Осындай мерекелі күні өз пәтерімнің кілтін алғаным өте қуаныштымын. Баршаңызды мерекемен және қоныс тойымен құттықтаймын, - деді ол.

Айта кетейік, Жетісу облысы құрылғаннан бері Ақсу ауданында тұрғын үймен 200-ге жуық тұрғын қамтамасыз етілді.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Жетісу облысында көктемгі егіс науқаны толық аяқталды. Атап айтқанда, жоспарланған 388,0 мың гектар жаздық дақылдар түгелдей себілді. Биыл жалпы ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс көлемі 511,8 мың гектарды құрап отыр, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Көктемгі егіс науқаны толық аяқталды

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметіне қарағанда, жаздық дәнді дақылдар – 165,5 мың га, дәндік жүгері – 54,2 мың га, майлы дақылдар – 105,7 мың га, қант қызылшасы – 13,0 мың га, картоп – 6,6 мың га, көкөніс-бақша дақылдары – 8,4 мың га, мал азықтық дақылдар 33,6 мың га себілді. Қазіргі уақытта себілген дақылдарды күтіп-баптау жұмыстары жүргізілуде. Атап айтқанда, қант қызылшасы, майбұршақ және дәндік жүгері алқаптары арамшөптер мен зиянкестерге қарсы пестицидтермен өңделіп, суару алдында минералды тыңайтқыштар берілуде.

- Бүгінгі күнге 66,7 мың гектар басымды дақылдар арамшөптерге қарсы гербицидпен өңделді. Дақылдарды тыңайтқышпен қоректендіру жұмыстары 44,8 мың гектар егістікте жүргізілді. Көктемгі дала жұмыстарына бөлінген шаруашылықтарға дизель отынының 2,7 мың тоннасы шаруа қожалықтарына таратылды, бұл жұмыс жалғасуда. Сол сияқты «Аграрлық несие корпорациясы» егіс жұмыстарына 367 шаруашылыққа 9,1 млрд. теңге несие берді, өтінімдерді қарастыру жалғасып жатыр. Суармалы су барлық аудандарға берілді. Көктемгі дала жұмыстары мен вегетациялық кезеңнің өтуі облыс басшылығының тұрақты бақылауында, - деді басқарма басшысы Н. Кененбаев.



**Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.
Суретті түсірген: Дмитрий ЕРОФЕЕВ.**

БАЛАЛАР КҮНІ АЙРЫҚША АТАЛЫП ӨТІЛДІ

Дүниеде баладан асыл, сәбидің күлкісінен қымбат қазына жоқ. Бүгінгі таңда елімізде балалардың алаңсыз білім алуына, бақытты балалық кезеңдерін өткізуге барлық жағдай жасалып келеді. Мемлекет басшысы-Қасым Жомарт Тоқаев жас ұрпаққа қамқор болып, барлық жағдайды жасаудың қажеттілігін айта келіп, «Балаларға ерекше назар аудару керек. Себебі, олардың амандығы – мемлекетіміздің жарқын болашағының кепілі. Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық – бұл біздің жалпыұлттық міндетіміз – деп атап көрсеткен болатын.

1 маусым-Халықаралық балаларды қорғау күні Сарқан ауданында жылдағыдан ауқымы кеңейіп, айрықша атап өтілді. Қуанышпен көмкерілген балалар мерекесіне ерекше назар аударылып, жаймашуақ жаздың алғашқы күнінде алуан түрлі іс-шаралар өткізілді.

Аудандық әкімшіліктің мұрындық болуымен аудандық білім бөліміне қарасты мектептер, Сарқан көпсалалы және Политехникалық колледждері, Балалар шығармашылығы орталығы, Құман Тастан-

Елімізде 1 маусымда Халықаралық балаларды қорғау күні дәстүрлі түрде атап өтіледі. Бүгінде елімізде 6,9 млн-нан астам бала тұрады және олардың құқықтарын қорғау мәселесі мемлекеттің әлеуметтік саясатындағы басым бағыттардың бірі саналады. Аталған жұмыс жаңа Конституцияда бекітілгендей, балаларға қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу қағидатына негізделген, ал мемлекеттің басты міндеті – отбасылар үшін балалардың дені сау болып өсуіне, сапалы білім алуына және өздерін қауіпсіз сезінуіне мүмкіндік беретін сенімді әрі қолайлы жағдай жасау.



балмұздақтар, тәттілер және доптар таратылып, балалардың қуанышын еселей түсті. Әсіресе өрт сөндіргіш көліктердің әуелете су шашуы кішкентай көрермендердің есінде ұзақ сақталары айдан анық.

Саябақтағы әсем әуен мен мың бұралған билер, ұжымдық және жеке келеген өнерпаздардың өнерлері, қызықты, сүйкімді аниматорлар, персонаждар, көріністер, әртүрлі аспаптарда музыкалық композициялар балаларға қуаныш сыйлады.

Бұл қызықты да думанды шаралар балалар мен жас бүлдіршіндер үшін есте қаларлық және ұмытылмас сәттердің біріне айналары сөзсіз.

Осындай мерекелік іс-шаралар барлық ауылдық округтерде өткізіліп балаларға зор қуаныш сыйлады.

П. ЖЕҢІСХАН.



беков атындағы аудандық мәдениет үйі, Жастар ресурстық орталығы, аудандық кітапхана және әлеуметтік салаға жауапты бірқатар мекеме-ұжымдардың ұйымдастыруымен «Жастар» саябағында, М.Тынышбаев атындағы орталық алаңда, «Қойтас» экобағында мерекелік іс-шаралар өтті.

Мерекелік шараға қатысқан аудан әкімінің орынбасары Алмас Байғонысов аудан жұртшылығын, балаларды мерекемен құттықтады. Алмас Ажарханұлы ерекше қуаныш пен мейірімге толы бұл шуақты мейрамның маңыздылығына,

балаларға деген қамқорлық тек мереке күні ғана емес, үнемі көрсетілуі керектігіне тоқталып, жас бүлдіршіндерге зор денсаулық, баянды болашақ тіледі.

Шара барысында балаларға концерттік бағдарламалар, қойылымдар көрсетіліп, түрлі байқаулар, асфальтқа сурет салу байқауы, көңілді ойындар ұйымдастырылды. «Бояулар құпиясы» атты асфальтқа сурет салу байқауына белсене қатысқан балаларға мақтау қағаздары мен сыйлықтар берілді.

Сонымен қатар, ерекше

балаларға айрықша көңіл аударылып, олардың шара барысында түрлі байқауларға кеңінен қатысуына жағдай жасалды.

Арбатта қолөнер бұйымдарының ауқымды көрмесі келген жандарды тамсандырса, озық ойлы балалардың қолымен құрастырылған роботтар көрермендерін таң қалдырды.

Аталмыш шара аясында тегін



Қазақ үшін төрт түлік жесе тамақ, ішсе сусын, кесе киім, кінсе көлік болған. Ол кездегі төрт түлікке байланған қазақ тұрмысын малсыз көз алдыға елестету әсте қиын. «Мал өсірсең – қой өсір, табысы оның көл-көсір» дейді тағы да. Шопаната тұқымының қай өнімі де уағында кәделі болды. Жесе ет, ішсе сусын, кесе киім, ойнаса асық болған дәуір өткендей көрінеді. Қой сауып, қорғасын сүт ішкендер жоқ қазір. Асық ойнағанды кезіктіру мұң. Қырықтықтан соң жүнін шашау шығармай жиып алған қазақтың өзі ілеуде-білеу. Шыны сол, қазір қой азықтық төл болып тұр. «Алақойды бөле қырықсаң, жүнге жарымайсың» деген тәмсіл бар. Аласын да, қарасын да, ағында бөлмей-жармай қырқып, жүнді болғанымызбен, кәдеге жарымай отырмыз. Қоралы қой, отар-отар қоңырды өргізген жұрт тау-тау жүнді далада өртегенін көз көріп жүр. Жүннен жасалған бұйымға қызыға да, құныға да қарағандар аз. Дегенмен, сан ғасырлық баба жұрт дәстүрін өлтірмей, дрондар мен жасанды сана дәуіріне жеткізіп, ұлттық өндірістің өрісін кеңейтіп жүргендер бар. Бар болғанда, саусақпен санарлық. Олардың бірі һәм бірегейі – Элмира Ақпанова.



Қойлықтан шыққан ҚҰНДЫЛЫҚ

Кейіпкеріміз саусақпен санарлық этнодизайнерлердің бірі. Ол күллі әлемді емес, кешегі данышпан һәм табиғатпен біте қайнаса күн кешкен қазақтың баласына «киізден көйлек кигізем» деген арманы бар шебер. Айтуынша, бұрынғы халық алуан түрлі бұйымдар жасау үшін киізді кең қолданған. Оны киіз үйдің сыртын жабу үшін, жерге төсеу үшін және де кереге керу арқылы өз қажеттілігіне орай пайдалана білген. Киізден кебеже, сандық қаптайтын әбдіреқаптар, ыдыс-аяқ салатын аяққаптар жасаған. Киіз шексіз мүмкіндіктерге ие. Одан барлық өнім түрлерін жасауға болады.

Элмира Нұрқасымқызы Сарқан ауданы, Қойлық ауылының тұрғыны. Жас күнінен киіз бен қой жүнін тұрмысында тұтынып келген. Алдыңғы буындардан көргені сабау мен тулақ, киіз қарпу, жүн түту. Бірақ, жалпақ әлем гаджетке бет алғанда замандасымыз ұлттың ұлы дәстүрін технологиялар дәуіріне жеткізуді мақсат қылыпты. Себебі, IT саланың озығын жасап, роботты тұрмысына арқау еткен жапон халқы бабасының дәстүрін әлі ұстанып келеді емес пе?! Түске дейін костюм киіп жұмысқа барса, түстен кейін кимомосымен ғибадатханаға барып, тәу етеді. Ата-бабасына тағзым етеді. Ал, бізде ше? Бізде, мұнайдан өндірілген синтетик киім мен пластмасса һәм резеңке бұйымды тұтынуға бейімбіз. Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар дейтұра, баба жұрттың дәстүрін ескілік көреміз. «Ай, қап» демей көріңіз!

– Қазір киіз ұмыт болып барады. Соңғы кезде мүлде тұтынбайтын болдық. Бұған дейін әр отбасының төрінен табылатын қазақы төсеніш жайында бүгінгі жас ұрпақ біле бермейді. Кейінгі жылдары қойдың жүнін кәдеге жарата алмай, өртейтін болды. Киіз үйлер киізсіз қалды. Осыдан кейін ұлттық құндылығымызды дәріптеп, өскелең ұрпақтың жадында жаңғыртуды парызым деп білдім. Осы ойымды жүзеге асыру мақсатында ұлттық өнерімізді қолға алдым, – дейді.

Этнодизайнердің айтуынша, киіз бен қой жүнінен жасалған бұйымдардың қоршаған ортаға және адам ағзасына пайдасы зор. Ал, ел тұтынып жүрген синтетикалық бұйымдардың пайдасынан зияны мол. Мәселен, көп жұрт аллергиялық аурулардың себебін таппай дал. Кейіпкеріміз жасанды бұйымдар көп аурудың ошағы екенін алға тартып отыр. Ал, қой жүні емнің өзі. Мәселен, буын ауруларына таптырмас дауа.

– Бала күнімізде киіздің үстінде аунап-қунап өстік. Кейіннен бойына шаң жинайды деген желеумен киіздерді жаппай далаға шығарып тастадық. Өйткені апта сайын қағып, тазалау үлкен қиындық туғызатын еді. Осылайша, бұл төсеніштің орнын синтетикалық кілемге ауыстырдық. Алайда бүгінде киіздің пайдасы орасан екені дәлелденіп отыр. Мәселен, киіз ауадағы жағымсыз энергияларды, шаң-тозаңды бойына сіңіріп, астына тастайтын қасиеті белгілі болды. Сондықтан да апта сайын топыраққа, шаңға толып қалады. Ал синтетикалық кілемдер шаң-тозаңды бойына сіңірмейді. Соның салдарынан зиянды қалдықтарды ауа арқылы жұтып жатырмыз, – дейді этнодизайнер

Киізді кәдеге жаратқан кейіпкеріміздің сөзін ауылдасы әрі киім моделі Татьяна Лебедева да қуаттайды. Оның айтуынша, жүннен тоқылған шұлық киген соң бес-ақ күнде буын ауруын ұмытады-мыс. Себебі, қой жүнінің үйкелісі кезінде пайда болған электростатикалық өріс денсаулыққа, көңіл-күйге жағымды әсер береді. Нәтижесінде адам буын сырқыраудан, шаршаудан, күйзелістен арылады. Қан қысымын қалыпқа келтіреді, созылмалы аурулардың алдын алады.

– Біреу білер, біреу білмес қой жүнінде «ланолин» деген балауыз бар. Оны жүнді жуған судан алады. Бұл өнімнің талай дертке шипасы бар. Медицина саласының білгірі емеспін, бірақ оқығанымды айтайын, әлгі ланолин жараның жазылуына, тері күтіміне, аллергияға қарсы әсері бар. Біз табиғи өнімнен қаншалықты алыстай түссек, соншалықты денсаулықты бұзамыз. Ауылымызда осындай қолы алтын кісі тек қолөнермен айналысып жатқан жоқ, халықтың денсаулығына пайдасы бұйымдар жасап жүр, – дейді ол.

Салт-дәстүрді қайта жаңғыртушы Элмира Нұрқасымқызы бұл кәсіпке тегін келмегенін жоғарыда айттық. Өйткені, адам – өткізгіш. Өзіне дейін жақсы дүниені қабылдап алады да сонысын келесі буынға өткізеді. Аманат дейікші. Баба жұрт өз ұрпағына өмір сүруге қажетті дағдыны, салт-сананы қалдырды, ал қабылдап алғандар кейінгілерге аманатты шашау шығармай жеткізу қажет. Ұрпақ арасындағы осындай сабақтастық нәтижесінде ұлттық кеңістік сақталды. Ал, бір буын оны жалғастырмаса, дәуірден дәуірге жалғасқан тізбек жүрісінен жаңылып, «бет-бейнесіз» ұлт қалыптаспақ. Қалай деймісіз, әрбір ұлттың тілі, діні, ділі һәм кеңістігі сол ұлттың кескін-келбетін, пішімін айғақтайды. Дәл осындай ойды ортаға салған этнодизайнер Расул Ғамзатовтың басынан өткен бір оқиғаны баяндап берді. Бірде дағыстандық ақын Парижге сапарлай барыпты. Сонда дағыстандық суретшіні көрген екен. Қылқалам шебері жастай Апенин түбегіне кетіп, римдік қызбен көңіл жарастырып, Еуропаның тұрмысына әбден икемделген екен. Сөз арасында туған жердегі кәрі шешесін, кіндік қаны тамған жерді сағыныспен жеткізіпті. Аманат та тапсырыпты. «Туған жерге сағыныш» деген шығарма. Бояуы қанық. Тамаша табиғат бейнеленген. Елге оралған соң ақын суретшінің шешесін тауып барып, сыйды қарт анаға тарту еткен. Кейуана картинаға қарап тұрып, шығарма иесімен қай тілде сөйлескенін сұрапты. Ақын жазбастан аудармашы көмегімен

тілдескенін жеткізген. Ана күңіренген күйі «Қателескенсің, менің ұлым тым ертеде өлген» деп жауап қатыпты. Міне, кез келген адам жаһандық үдеріспен жүріп, өз халқының кеңістігінен жаңылса, демек одан туған ұрпақ ата-баба танымын керек етпейді.

– Жүн иіріп, тоқыма тігуге шәкірт тәрбиелегім-ақ келеді. Бірақ, қазіргі гаджетке құмартқандар салт пен сананы қажетсіне қоймайды. «Айқайыңнан ойбайым тыныш» дегендер көп қой. Әйтпесе, қазақтың тұтас болмысы жатқан өнерге жастарды баулуға құлықтымын. Еңбекке, қолөнерге деген құрметке баулығым келеді. Киіз басу сырт көзге қолөнер болып көрінуі мүмкін, дегенмен мұның ішінде үлкен тәрбие бар. Бабаларымыздың даналығын байқауға болады. Терең мәдениет, тыныштық және талғампаздық жатыр. Мен осыны адамдарға сезіндіргім келеді. Киіз қазақтың ұлттық коды, өмірдің философиясы десем қателеспеймін. Бұл жай материал емес, тұрмыс-тіршілікке сіңген мәдени құндылық. Киізге қарап ұлтымыздың мінезін, тарихын, жадын аңғарамын. Негізі қыз баланы іс тігуге, ұршық иіруге, кестелеуге бейімдеген бұрынғының ақжулықтылары қателеспеді. Олар бұрымдысын шыдамдылыққа, келешек өміріндегі қиыншылыққа төзуге, сабырлы болуға баулыды. Ұлттық өнердің бұл кереметін біз ұмыттық. Тұтынушы қоғамда сатып ала салу үрдісі бар. Қажет пе, базар бардың, сатып алдың. Есесіне, сабыр, төзім, шыдам дегеннен қашықтадық. Қоғамға зер салыңыз, ыдыс-аяқ сылдырамай тұрмайтын шаңырақтың бүгінгі өні «кетемін», яки «ажырасамын», – дейді кейіпкеріміз.

Элмира Нұрқасымқызы қолөнермен бала күннен шұғылданғанымен, кәсіпке айналдырғанына азғантай уақыт болды. Қазір іс қылғанға қаражат керек. Ұлы мұрат һәм мақсат жолында мемлекеттік мүмкіндікті мүлт жібермеуге тырысады. Нәтижесінде, аудандық іскер әйелдер кеңесінің қолдауымен «Бір ауыл – бір өнім» жобасына қатысып, қанжығасына 5 млн. теңге қайтарымсыз грантты байлайды. Содан бері өз туындыларын жасап жүр. Кимешектен бастап, аяқкиімге дейін, тұс киізден бастап текеметке дейін жасайды. Тіпті, бір ине мен жіп қолданбай жасаған зерлі киіз шапанының өзі неге тұрады?! «Замана көшінен қалмаймыз, төрімізге картина ілеміз, пейзаж бен натюрморт үй сәнін кіргізеді» деген кей жұртқа қой жүнімен әспеттелген һәм тұмса дүниені сөйлеткен туындылар

да бар. Қазір көп азамат моншаға ғана киім жүрген қалпақтарды да жасайды кейіпкеріміз. Бірақ, мұндай бұйымдарға сұраныс аз. Аудандық іскер әйелдер кеңесінің төрайымы Кенжетай Тазабекова ұлттық өнерді дәріптеп жүрген замандасын жан-жақты қолдап жүр. Айтуынша, кейіпкерімізде «білгенімді үйретсем, көрсетсем» деген құштарлық басым. Сол үшін аудандық іскер әйелдер кеңесі Элмира Ақпанованы дәстүрлі көрмелерге жиі қатыстырып отырады.

Сарқандық этнодизайнер туындыларымен әлемді мойындатуды 2018 жылы бастаған. Сол жылы Әзербайжан астанасы Бакуде өткен «Войлочные перекрестки» симпозиумына қатысты. Ал, 2023 жылы Түркияда, Алания қаласында өткен «International Festival Turkic Fashion and Art» атты халықаралық түркі халықтарының өнер фестиваліне «Жетісу» туындылар жиғанымен қатысады. Одан өзге, елімізде, Қарағандыда, Қостанайда, Түркістанда өткен халықаралық көрмелерге өз туындысын ұсынады. Осындай көрмелердің нәтижесінде кейіпкеріміздің шабыты ашыла түскен.

Мұны Қойлық ауылдық округінің әкімі Әсет Садуақасов та қуаттап отыр. Әкімнің сөзіне сенсек, этнодизайнер тың туындыларымен ауылдың атын шығарып жүр.

– Ауылдасымыздың шығармашылығында ұлттық ою-өрнектер ерекше орын алады. Ол ата-бабадан жеткен өрнектерді жаңғыртып, олардың мәнін тереңірек түсінуге тырысады. Бастысы – иісі қазақтың кеңістігін суреттеп, ұлттық танымды дәріптеп жүр. Қойлық ауылынан мұндай өнерлі жанның шығуы шын қуантады. Себебі, Элмира Нұрқасымқызы қазақтың кенже қалған қолөнерін дәріптеп жүрген шебер. Қолөнершінің түрлі көрмеге қатысып, қолөнердің дамуына елеулі үлесін қосып жүр. Дегенмен, төл дәстүріміздің бұлағынан сусындаған шәкірттер тәрбиелесе дейміз. Өйткені бұл киелі өнер іздеушісіз қалмауы керек, – дейді ауыл әкімі.

Элмира Ақпанованың шығармашылығы ұлттық мәдениетті дәріптеуге, оны жаңа деңгейге көтеруге бағытталған. Ол ұлттық киім үлгілерін, дәстүрлі нақыштарды заманауи сәнмен үйлестіре отырып, қазақ мәдениетін әлемге танытып келеді. Ұлттық өнерге деген сүйіспеншілік, ізденіс пен шеберлікті жанына серік еткен Қойлықтан шыққан этнодизайнерге біз әрдайым сәттілік тілейміз.

**Дастанбек САДЫҚ,
Қойлық ауылы.**

XX ғасырдағы аштық пен қуғын-сүргіннің зұлматын еске салады. Осы кезеңде миллиондаған адам көз жұмып, қазақтың дәстүрлі өмірі мен мәдениеті үлкен соққыға ұшырады.


1931-1933 жылдар аралығында қазақ халқы басынан кешкен алапат-ашаршылық: «Ұлы жұт», «Ашаршылық», «Нәубет», «Зобалаң», «Зұлмат» деген атаулармен тарихта қалды. Ашаршылықтың басты себептерінің бірі – ұжымдастыру саясаты, соның салдарынан қазақ шаруаларының астық, мал және басқа да ауыл шаруашылығы ресурстарын тартып алу болды. Үкіметтің индустрияландыруды жеделдету науқандары да халықтың ресурстарын тонап, азық-түлік тапшылығына әкелді. 1930-33 жылдардағы Қазақстандағы ашаршылық орасан зор болды. Миллиондаған адамдар азық-түлік тапшылығы мен ашаршылыққа ұшырады. Құрбандар саны туралы ресми деректер әртүрлі, бірақ болжам бойынша бірнеше жүз мыңнан бірнеше миллионға дейін жетеді. Ашаршылық көптеген адамдардың, әсіресе балалар мен қарттардың азапты өліміне әкелді. Дұрыс тамақтанбау және медициналық көмектің болмауы өлім-жітімнің жоғары болуына және бүкіл әулеттің қырылуына әкелді. Ашаршылық кезінде көптеген елдер мен ұйымдар Қазақстанға көмек көрсетті. Кейбір көмектер алынды, бірақ бұл аштықты толығымен тоқтатуға және миллиондаған



адамдардың өмірін сақтап қалуға жеткіліксіз еді. 1930 жылдардағы КСРО-да «Голодомор» деп аталатын ашаршылық жаппай өлімге әкелді. Алайда 1930 жылы ашаршылықтан өлгендердің нақты санын анықтау қиынға түсті. Ф.И.Голощекин басқарған билік аштыққа қарамастан, астықты сыртқа жөнелтуді тоқтатпады. Қазақстанда азық – түлік тапшылығы орын алса да мыңдаған тонна астық Мәскеуге жіберіліп отырды. Ашаршылық жылдарында қазақ халқының дәстүрлі

МЫҢ ӨСІП, МЫҢ ТІРІСГЕН...

көшпелі өмір салты түбегейлі өзгерді. Қазақстанда 40 миллионнан астам мал басы болған. Алайда ұжымдастыру мен аштықтың нәтижесінде 1933 жылға қарай олардың саны 4 миллионға дейін қысқарды. Мал саны күрт азайып, көпшілік отырықшылыққа көшті. Аштықтың алдын алу үшін кейбір қазақ зиялылары билікке хат жазды. 1932 жылы «Бесеудің хаты» деп аталатын құжатта ашаршылықтың ауыр салдары көрсетілді. Сарқан өңірінен



қуғын – сүргінге ұшырағандар:

Джебулаев Накен 1901 жылы Сарқан ауданы Шатырбай ауылында дүниеге келген. Жоғарғы Сот бұйрығымен 19.11.1938 жылы ату жазасына кесілген.

Джексенбаев Садық 1893 жылы Қарауылтөбе ауылында дүниеге келген. Жоғарғы Сот бұйрығымен 07.10.1941 жылы ату жазасына кесілген.

Олейников Федор 1892 жылы Черкасск ауылында дүниеге келген. Жоғарғы Сот бұйрығымен 21.02.1938 жылы ату жазасына кесілген. Тағы басқа көптеген жерлестеріміз жазасыз қыршыннан қиылған. Қазақстандағы ашаршылық аймаққа терең және ұзаққа созылған зардаптар қалдырды.

Р.ОРАЗАЕВА,
«Жетісу облысының мемлекеттік архиві» КММ – нің Сарқан филиалының ақпараттық технологиялар архивісі.

Халықтың басына түскен нәубет

XX ғасырдың ең қасіретті беттерінің бірі – 1931–1933 жылдардағы Қазақстандағы ашаршылық. Бұл – қазақ халқының жүрегінде мәңгі жазылмас жара болып қалған ұлттық трагедия. Кеңестік биліктің күштеп ұжымдастыру саясаты, мал-мүлікті тәркілеу, көшпелі халықты зорлықпен отырықшыландыруы салдарынан қазақ даласын бұрын-соңды болмаған алапат нәубет жайлады.

1928 жылдан басталған байларды тәркілеу науқаны халықтың күнкөріс көзін жойды. Малынан айырылған ел аштыққа ұшырап, жан сақтау үшін босып кетуге мәжбүр болды. Архив деректерінде миллиондаған мал қырылып, қазақ халқының саны күрт азайғаны айтылады. Кейбір зерттеулерде 1,5–2,3 миллион адамның қаза тапқаны көрсетіледі.

Ашаршылық жылдары қазақ ауылдарының тынысы өшті. Ана баласынан, бала ата-анасынан айырылды. Туған жерін тастап, Қытайға, Өзбекстанға, Ресейге және басқа өңірлерге босқан халық жол азабын тартты. Бұл нәубет тек аштық емес, ұлттың рухани, демографиялық, әлеуметтік күйреуіне алып келген ауыр сынақ болды.

Тарихшылар ашаршылықтың басты себебі табиғи апат емес, сол кезеңдегі қате саяси шешімдер екенін айтады. Қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығы күйреп, елдің тұрмыс-тіршілігі түбегейлі өзгерді. Соның салдарынан ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелі мәдениет үлкен соққы алды. Бүгінде тәуелсіз Қазақстан ашаршылық құрбандарын еске алып, тарихи әділдікті қалпына келтіруге күш салып келеді. Архив құжаттары зерттеліп, жаңа еңбектер жарық көруде. Бұл – өткенді ұмытпау, болашақ ұрпаққа тарихтың ащы сабағын жеткізу үшін маңызды. «Өткенін ұмытқан елдің болашағы бұлыңғыр» дейді дана халқымыз. Сондықтан 1931–1933 жылдардағы ашаршылықты еске алу – құрбандар рухына тағзым ғана емес, ұлт жадында сақтау.

Осы орайда аудандық кітапханада осы тақырыпқа байланысты кітаптарды оқырмандарға оқуға ұсынамыз. 4 томдық Таңдамалы шығармалар жинағы (Халқымыздың басынан өткен аштық, қуғын-сүргіннің ауыр зардаптары



1931–1933 жылдардағы ашаршылыққа - 95 жыл

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ:

XX ғасырдың 20-50 жылдарындағы саяси қуғын-сүргін зобалаңы – халқымыздың тарихындағы қасіретті кезең.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін осы нәубеттің құрбандарын мәңгі есте қалдыру үшін мемлекеттік деңгейдегі тиісті шараларды жүзеге асыра бастады. 1993 жылы «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» заң қабылданды. 1997 жылы тұңғыш Президенттің Жарлығымен 31 мамыр Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні ретінде белгіленді.

Кеңес заманында өмір сүрген халықтарға «үлкен террордың» орасан зор қасірет әкелгені есімізде. Зұлмат жылдарда Қазақстанға КСРО-ның түкпір-түкпірінен бес миллионнан астам адам жер аударылды. 100 мыңға жуық азаматымыз қуғын-сүргінге ұшырап, соның 20 мыңнан астамы атылды. Жазықсыз жазаланғандардың қатарында Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, М. Тынышбаев, М. Дулатұлы, Т. Рысқұлов, М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлин, С. Асфендияров сияқты көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері, басқа да ұлт зиялылары бар.

Отанын сатқандар әйелдерінің Ақмола лагері («АЛЖИР») сол жылдардағы қатыгездік пен жауыздықтың қара таңбасындай болды. Мұнда саяси тұтқындардың жақын туыстары, әйелдері мен балалары қамалды.

Өткен ғасырдағы ең қилы кезеңнің бірінде жазықсыз жапа шеккендердің рухына тағзым ету – баршаымыздың перзенттік борышымыз.

құжаттармен шынай баяндалған) – авторы Табыл Құлыяс. «Зобалаң» (1929-1931 жылдары қазақ елінде жүргізілген күштеп ұжымдастыруға қарсы халық наразылығы нақты деректер негізінде баяндалған) – авторы Талас Омарбеков. «Аштық жайлаған дала» (Қазақ даласындағы аштық нәубетін тарихи тұрғыдан талдайтын еңбек) – авторы: Сара Камерон. «Ғаламат жұт шежіресі» (Қазақ ашаршылығы туралы халықаралық

деңгейде танылған ғылыми зерттеу) – авторы: Валерий Михайлов «Сталиндік көшпенділер» (Нақты деректерге сүйеніп жазған неміс ғалымы Роберт Киндлердің Қазақстандағы ашаршылықтың себеп-салдары туралы жазған зерттеулері еніп отыр) – авторы Роберт Киндлер. «Трагедия казахского аула 1928-1934» (Сборник документов) т.б.

Л. ҚҰЛЫМБЕТОВА,
аудандық кітапхана библиографы.

Ұлт тарихының қасіретті беті

1937–1938 жылдар сталиндік репрессиялардың шарықтау кезеңі болды. Бұл жылдары Қазақстанда мыңдаған адам «халық жауы» деген жалған айыппен тұтқындалып, атылды, концлагерьлерге қамалды. Қуғын-сүргіннің негізгі нысанасына айналғандардың қатарында қазақ зиялылары болды. Бұл әрекеттердің мақсаты – ұлттың тарихи жадын жою, ойлау еркіндігін тұншықтыру, жеке пікір айтатын азаматтардың санын сирету еді. Осы кезеңде қазақ интеллигенциясы қатарының азаюы елдің интеллектуалдық дамуына орасан соққы болды. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін ғана қуғын-сүргін мен ашаршылық құрбандарына қатысты тарихи әділеттілік орнауға бет алды. 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні ретінде Қазақстанда 1997 жылы ресми түрде белгіленді. Бұл күнді бекіту туралы шешімді Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев қабылдады. 1997 жылы 5 сәуірде шыққан Президент Жарлығында 31 мамыр – кеңестік тоталитарлық режим кезінде құрбан болған миллиондаған адамдарды еске алу күні ретінде бекітілді.

31 мамыр – Қазақстан халқы үшін ерекше мәні бар, ауыр әрі қасиетті күн. Бұл зұлмат заманды ұмытпау, сол кезеңнің ауыр сабақтарын санада сақтау, болашақта мұндай қателіктерге жол бермеу үшін белгіленген ерекше дата. Бүгінде бұл күн – халықтық естелік пен тағзым күні. Қазақстанның түкпір-түкпірінде ескерткіштер орнатылып, мұражайлар ашылып, ғылыми зерттеулер жүргізілуде. Бұл күн ұрпаққа сабақ. Ол бізге әділетсіздікке қарсы тұрудың, еркіндік пен адам құқығының қаншалықты маңызды екенін еске салады, азаттықтың құнын ұмытпай, қайғыдан сабақ ала білуге шақырады. Тарихындағы қайғылы кезеңдерді ұлттық бірегейлігімізден бөле-жара қарау мүмкін емес. Сондықтан, біз саяси қуғын-сүргін құрбандарының рухына тағзым етіп, есімдерін мәңгі есте сақтаймыз!

К.БОЛАТ,
Сарқан ауданының тарихы музейінің экскурсия жетекшісі.

Конкурсқа шығарылатын ауыл шаруашылық мақсаттағы жер учаскелерінің тізімі

[illegible]

**Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін уақытша өтеулі жер
пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс жариялау
туралы хабарлама**

Жетісу облысы, Сарқан ауданы әкімдігі, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-1 бабында және «Шаруа немесе фермер қожалығы, ауыл шаруашылығы өндірісі жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы № 518 бұйрығы негізінде, «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісі жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс өткізетіндігі туралы хабарлайды:

Конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді (конкурстық ұсыныс) қабылдау, жарияланғаннан соң 30 күнтізбелік күннен кейін, 15 жұмыс күні ішінде, 07 - 27 шілде аралығында қабылданады. Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Сарқан қаласы, Тынышбаев көшесі № 8, Сарқан ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөліміне табыс етеді.

Конкурсқа қатысу туралы өтінімдерді қабылдаудың (конкурстық құжаттаманы) соңғы мерзімі: 2026 жылдың 27 шілде айының 18 сағат 30 минутқа дейін.

Конкурстық өтінімдер салынған конверттер 2026 жылдың 28 шілде айының 10 сағат 00 минуттағына-мекен жайда ашылады: Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Сарқан қаласы, Тәуелсіздік көшесі №111, ауыл маңында.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурса қатысуға өтінімде: 1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер; 2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер; 3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері; 4) конкурстық сусыныс; 5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Конкурстық ұсыныста мынадай құжаттар болуы қажет:

Ақпараттық қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша:

Ақпаратшарашылықты жүргізу үшін жер учаскесін беруді қоспағанда, конкурстық ұсыныста: 1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны); 2) шаруашылықишілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер; 3) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 17 қаңтардағы № 7 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18993 болып тіркелген) бекітілген Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалану қағидаларын және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 173 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15090 болып тіркелген) бекітілген Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылады.”;

Конкурстық ұсыныс, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, беттер нөмірленіп, тігілген түрде, жабық конвертте ұсынылады.

Конкурстық ұсыныста өгінім беруші ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамаз бөлігі болып табылады.

Сонымен қатар, Конкурстық ұсынысты, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертке ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрмен (бар болса) қуәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде "шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс" және " жылғы " дейін ашуға болмайды" (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.

Қосымша ақпарат пен анықтама алу үшін (72839) 2-16-72, 2-17-93 телефон арқылы хабарласуға болады.

Перечень земельных участков сельскохозяйственного назначения, выставляемых на конкурс

[illegible]

**Извещение о проведении конкурса по предоставлению права
временного возмездного землепользования (аренды) для ведения
крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного
производства**

Сарканский районный акимат в соответствии со статьей 43-1 Земельного Кодекса Республики Казахстан и Приказа № 518 от 20 декабря 2018 года Заместителя Премьер-министра Республики Казахстан - Министр сельского хозяйства Республики Казахстан «Об утверждении Правил организации и проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства» и в районной газете «Саркан» и интернет-ресурсе Акимата Сарканского района объявляет о проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявки на участие в конкурсе (конкурсная документация) будут приниматься по истечении 30 календарных дней после публикации, в течении 15 рабочих дней, с 07 по 27 июля, по адресу: (область Жетісу, Саркандский район, г. Саркан, улица Тынышбаева №8,) в кабинете отдела сельского хозяйства и земельных отношений Саркандского района.

Прием заявок на участие в конкурсе (конкурсная документация) заканчивается: 27 июля 2026 года, в 18 часов 30 минут.

Вскрытия конвертов с конкурсной документацией будет проведена 28 июля 2026 года в 10 часов 00 минут (область Жетісу, Саркандский район, г. Саркан, улица Тауелсиздик №111) в большом зале районного акимата Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его место нахождения, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффилированных лицах заявителя;

для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя;

местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;
конкурсное предложение;

обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного

участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявку на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства могут представлять уполномоченные представители физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Конкурсное предложение должно содержать:

Конкурсное предложение, за исключением предоставления земельного участка для ведения аквакультуры, содержит: 1) бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест); 2) обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землепользования, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры; 3) обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая Правил рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, утвержденных приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 17 января 2020 года № 7 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 18983), и Правил рационального использования пастбищ, утвержденных Заместителем Премьер-Министра Республики Казахстан – Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 24 апреля 2017 года № 173 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 15090), выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно-обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Конкурсное предложение представляется в закрытом конверте в прошитом виде с пронумерованными страницами, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала "электронного правительства". Обязательства и бизнес-план, предложенные заявителем в конкурсном предложении, являются неотъемлемой частью договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для введения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства. В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строчками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

В закрытом конверте конкурсного предложения указывается надпись "Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства" и "Не вскрывать до: " _____ года" (указывается точная дата).

Для получения дополнительной информации и запроса звоните 8 (72839) 2-17-93 (районное отделение сельского хозяйства и земельных отношений).

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ – ЖАУАПТЫ ІС

Жазғы демалыс – балалардың денсаулығын нығайтып, рухани және шығармашылық тұрғыдан дамуына мүмкіндік беретін маңызды кезең. Сондықтан балалардың жазғы демалысын тиімді әрі қауіпсіз ұйымдастыру ерекше маңызға ие.

Демалыс кезінде балалардың бос уақытын пайдалы өткізуіне жағдай жасау қажет. Спорттық ойындар, танымдық экскурсиялар, кітап оқу, шығармашылық үйірмелер мен табиғат аясындағы шаралар олардың жан-жақты дамуына оң әсер етеді. Сонымен қатар, жазғы сауықтыру лагерьлері балалардың жаңа достар тауып, өз қабілеттерін шыңдауына мүмкіндік береді.

Балалардың қауіпсіздігі де басты назарда болуы тиіс. Ата-аналар мен жауапты мекемелер суға шомылу, жол қозғалысы ережелері, өрт қауіпсіздігі және күннің ыстығынан қорғану шаралары жөнінде түсіндіру жұмыстарын жүргізуі қажет. Айналып келгенде мұның барлығы өзіміздің келешегімізге деген қамқорлық.

Баланың жазғы демалысы қызықты әрі мазмұнды өтуі үшін отбасы, мектеп және қоғам болып бірлесіп жұмыс атқарғаны жөн. Өйткені сапалы ұйымдастырылған демалыс – баланың денсаулығы мен болашақ жетістіктерінің кепілі.

Осы орайда оқушылардың жазғы



демалысын ұйымдастыру бағытында аудандық білім бөлімі тарапынан қандай жұмыстар жасалып жатқандығын сұрап білген едік.

Аудан бойынша 28 білім беру ұйымы «Жаз-2026» іс-шаралар аясында оқушылардың жазғы демалысын, сауықтыруды ұйымдастыру мақсатындағы мектеп жанындағы алаңдар ашылды. Мектеп жанындағы лагерьлерге 1 - 4 сынып оқушылары тартылмақ. Сондай - ақ, зияткерлік шаралармен қамту үшін «Жас ұлан», «Жас қыран», «Жас Сарбаз» ұйымдарының

көшбасшыларының ұйымдастыруымен жазғы тілдік мектептер, дебат мектептері жұмысын жүргізеді. Сонымен қатар мектептерде 6 жоба негізінде жазғы демалыс ұйымдастыратын болады. Олар: 1. «Ұлттық құндылықтар», 2. Еңбек әлеміне экскурсиялар, 3. Жасыл клуб, 4. Жазғы экрандар, 5. Жетісу сақинасы, 6. Туристтік слеттар.

Жазғы маусымда жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, әлеуметтік жағдайы төмен, көп балалы мемлекеттік қолдауға мұқтаж отбасылардың балалары, өмірде қиын

жағдайға тап болған отбасы балаларын жазғы демалыстың барлық іс-шарларына тарту жоспарланып отыр. Және де мектепішілік есептегі 32 оқушы, сәтсіз отбасындағы 14 оқушы, девиантты мінез-құлықты 5 оқушы, тәуекел тобындағы 77 оқушы, өгей әке-шешеммен тұратын – 190 оқушы мектеп жанындағы алаңдар мен қала сыртындағы лагерьлермен қамту жоспарлануда.

Жалпы 1-10 сынып аралығындағы 5856 оқушы қамтылу жоспарлануда. 2026 жылдың жазғы демалыста мемлекет тарапынан ЖБББ (жалпыға бірдей білім беру) қорынан 400 оқушы - 70 000 мың теңгеден 1 оқушыға бөлінген ақшаға сәйкес қала сыртындағы лагерьлерге барады. Ауыл мектептерінің 205 оқушысы маусым айында Ескелді ауданы, Көктөбе ауылындағы «Көктөбе» лагерьіне барады. Қаланың 5 мектебінің 195 оқушысы 10-18 маусым аралығында Текелі қаласындағы «Эдельвейс» жазғы сауықтыру лагерьіне барады. К.Қазыбаев атындағы орта мектебінің 20 оқушысын демеушілік тарапынан жазғы лагерьмен қамту жоспарлануда.

Сонымен қатар, оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында тарихи-мәдени орындарға, табиғи аймақтарға, музейлерге, танымдық жерлерге экскурсиялар ұйымдастыру жоспарлануда.

Партия ЖЕҢІСХАН.

Менің елім – Менің рәміздерім

Мемлекеттік рәміздер – Тәуелсіз Қазақстанның айбыны мен абырой-мын әлемге танытатын қасиетті құндылықтар. Олар – халқымыздың еркіндікке деген ұмтылысының, ел бірлігі мен ұлттық рухының жарқын белгісі. Көкбайрақ, айбынды Елтаңба және асқақ Гимн әрбір қазақстандықтың жүрегінде Отанға деген сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімін оятады. Мемлекеттік рәміздер – өткен тарихымызды, бүгінгі жетістіктерімізді және жарқын болашағымызға деген сенімді бейнелейтін тәуелсіздігіміздің мәңгілік нышандары.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері 1992 жылдың 4 маусымында ресми түрде бекітілді. Бұл күн еліміздің тарихындағы маңызды белестердің бірі болып саналады. Мемлекеттік Тудың авторы – суретші Шәкен Ниязбеков. Көк түсті Ту – бейбітшілік пен тұрақтылықтың, ашық аспан мен жарқын болашақтың белгісі. Тудағы алтын күн – өмірдің, молшылық пен берекенің символы болса, қыран бүркіт – азаттықтың, биік мұраттар мен тәуелсіз рухтың көрінісі. Ал Тудың сол жағындағы ұлттық өрнек халқымыздың бай мәдени мұрасы мен ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрін айшықтайды.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасының авторлары – белгілі сәулетшілер Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Уәлиханов. Елтаңбаның алтын арқауына айналған шаңырақ – еліміздегі татулық пен бірліктің, ортақ үйіміз – Қазақстанның жарқын бейнесі. Шаңырақтан жан-жаққа тараған уықтар күннің шапағындай сәуле шашып, сан түрлі ұлт пен ұлысты бір мақсатқа ұйыстырған халқымыздың ынтымағы мен берекесін білдіреді. Ал қанатты пырақтар – еркіндікке құштар рухтың, асқақ арман мен жарқын болашаққа деген ұмтылыстың символы.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні – ел рухын асқақтатып, жүректерге патриоттық сезім ұялататын қасиетті туынды. Гимннің сөзін жазған ақын Жұмекен Нәжімеденов пен Нұрсұлтан Назарбаев, ал әуенінің авторы – қазақтың көрнекті сазгері Шәмші Қалдаяқов.

Мемлекеттік Гимннің тарихы халқымыздың мәдени мұрасымен тығыз байланысты. Осы орайда қазақ музыка өнерінің көрнекті өкілі, жерлесіміз, әйгілі композитор Мұқан Төлебаевтың есімін ерекше атап өткен жөн. 1945 жылы қабылданған Қазақ КСР-інің алғашқы Мемлекеттік Гимнінің музыкасын Мұқан Төлебаев композиторлар Евгений Брусиловский және Латиф Хамидимен бірлесіп жазды. Бұл шығарма қазақ кәсіби музыка өнерінің биік жетістігін көрсетіп, ұлттық мәдениеттің дамуына зор үлес қосты. Мұқан Төлебаевтың шығармашылық мұрасы бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның рухани қазынасының ажырамас бөлігі болып табылады.

Гимн шырқалған сайын әрбір қазақстандықтың жүрегінде туған жерге деген сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімі оянып, ел тәуелсіздігінің қадір-қасиеті айқын сезіледі.

4 маусым – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері күніне орай музейімізде «Менің елім – менің рәміздерім» атты тақырыптық экскурсия ұйымдастырылды. Экскурсия барысында қатысушылар Мемлекеттік Ту, Елтаңба және Әнұранның шығу тарихымен танысып, олардың терең мазмұны мен тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуындағы ерекше маңызы туралы құнды мәліметтер алды. Іс-шараға К.Д. Ушинский атындағы орта мектептің 4-сынып оқушылары қатысып, мемлекеттік рәміздердің тарихына саяхат жасап, олардың әрқайсысында халқымыздың өткені, бүгіні мен болашағы көрініс тапқанын білді. Оқушылар танымдық сұрақтарға белсене жауап беріп, Отанға деген сүйіспеншілік, туған жерге адалдық және ел рәміздеріне деген құрмет жайында өз ойларымен бөлісті. Мұндай тағылымды іс-шаралар жас ұрпақтың жүрегіне патриоттық рух дарытып, туған еліне деген мақтаныш сезімін нығайтады. Өйткені Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу – Тәуелсіз Қазақстанды құрметтеу, ал Отанын қадірлейтін ұрпақ – ел болашағының берік кепілі. Көк Туымыз әрдайым бейбіт аспан астында желбіреп, Елтаңбамыз ел бірлігінің нышаны болып, Гимніміз халқымыздың рухын асқақтата берсін! Тәуелсіз еліміздің тұғыры биік, мерейі үстем, келешегі кемел болғай!

Д.ТУНҒАТОВА,

Мұқан Төлебаевтың мемориалды музейінің экскурсия жүргізушісі.

Егемен ел тамыры

Әр халықтың қалыптасу, даму жолында өзіне тән ерекшеліктері, қасиет тұтып ардақтайтын киелі құндылықтары бар. Ол тарихи құндылықтарға дақ түсірмей күтіп ұстау, түпкі мән-мағынасын зерделеп жарыққа шығару, жастарға ұдайы насихаттау қай мемлекетте болмасын маңызды мәселелердің біріне айналғаны мәлім.

Отанға, елге деген құрмет ең алдымен Мемлекеттік рәміздерге деген әрбір азаматтың жүрек соғысынан танылуы қажет. Елдігіміздің басты құндылықтары ретінде Елтаңба, Әнұран және Туымызды құрметтеу, қорғау заңмен белгіленген. Ол әркім ойына келгенді істейтін қолжаулық емес. Ол елдің, ұлттың ұғымында да берік қалыптасқан киелі ұғым. Отаншылдық, мемлекетшілдік, ең алдымен, тәуелсіз еліміздің Мемлекеттік рәміздерін қастерлеуден басталады. Ол азаматтың бойында мемлекетіне деген сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімін қалыптастырады.

Мұны не үшін еске салып отырмыз? Қазаққа киелі ұғымға, қасиетті құндылықтарға ешкімнің қолын сұққызбаған. Оған саусақ ұшы тұрмақ, тіл тигізбеген. Демек, Елтаңба, Әнұран және Туымызды құрметтеуіміз – сол құндылықтарды ешкімнің өз пайдасы үшін өзге мақсатқа қолдануына жол берілмейді.

«Мемлекеттік рәміздер – бұл біздің мемлекетіміздің, біздің егемендігіміздің берік негіздерінің бірі. Олар тәуелсіздіктің қасиетті біріктіруші образын білдіреді», – дегенді білмейтіндерге, немесе ұға алмағандарға, не ескергісі келмегендерге қайталап еске саламыз.

Мемлекеттік рәміздер тәуелсіздік нышаны ретінде ерекше қадірленіп, оларға биік мәртебе беріледі. Сондықтан республика азаматтарының мемлекеттік рәміздерді қастерлеуі — парыз.

М. ЕЛЕУСИЗОВ,

Сарқан ауданының тарихы музейінің ғылыми қызметкері.

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлар нарығы

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын, атап айтқанда: бірінші сұрыпты бидай ұнын, бірінші сұрыпты бидай ұнынан пісірілген нанды, сүйекті сиыр етін, сондай-ақ жаңа ауланған, салқындатылған және мұздатылған балықты көтерме саудада өткізу нарығындағы бәсекелестіктің жай-күйіне талдау жүргізуді бастады.

Талдаудың мақсаты осы тауар нарығындағы бәсекелестіктің жай-күйін бағалау, бәсекелестік деңгейін айқындау, сондай-ақ үстем және монополиялық жағдайға ие субъектілерді анықтау болып табылады. Талдау аясында, үстем немесе монополиялық жағдайды теріс пайдалану фактілерін қоса алғанда, Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзу белгілерінің болуы не болмауы да анықталатын болады. Бұдан басқа, талдау көрсетілген нарықта бәсекелестік ортаның дамуына кедергі келтіретін факторларды анықтауға бағытталған.

Балалар – еліміздің ертеңі

Жыл сайын 1 маусым күні әлемнің көптеген елдерінде Балаларды қорғау күні аталып өтеді. Бұл – балалардың құқығын қорғауға, олардың денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, бақытты балалық шақ сыйлауға бағытталған маңызды мереке. Аталған күн тек көңілді мереке ғана емес, сонымен қатар қоғам назарын бала тәрбиесіне, олардың әлеуметтік жағдайына және құқықтарының сақталуына аудартатын ерекше күн болып саналады.

Балалар – еліміздің ертеңі, ұлттың болашағы. Сондықтан әрбір мемлекет өскелең ұрпақтың сапалы білім алып, дені сау, тәрбиелі болып өсуіне ерекше көңіл бөледі. Қазақстанда да балаларды қорғау мәселесі мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі болып табылады. Ел Конституциясында әрбір баланың білім алуға, денсаулығын сақтауға, еркін өмір сүруге құқығы бар екендігі нақты көрсетілген.

Балаларды қорғау күні – әр баланың күлкісі мен қуанышы маңызды екенін еске салатын ерекше мереке. Баланың бақытты болуы – қоғамның дамуы мен елдің болашағының кепілі. Сондықтан балаларға мейірім мен қамқорлық көрсету, олардың арманын қолдау – баршамыздың ортақ міндетіміз.

«Бала – бауыр етің» дейді халқымыз. Ендеше әрбір баланың алаңсыз күлкісі естіліп, жарқын болашаққа нық қадам басуына бірге жағдай жасайық. Себебі бақытты бала – бақытты елдің белгісі.

К. БОЛАТ,

Сарқан ауданының тарихы музейінің экскурсия жүргізушісі.

Сен туған күн, мерекеңіңен!

Ақын Сара атындағы орта мектебінің биология пән мұғалімі, аса қадірлі дос - құрбымыз **Карипбаева Алма Ескендірқызын** 5 маусым күнгі туған күнімен әрі 60 жастық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!

Осынау мерей өсірер ерекше жас, айрықша күн жан жадыратар жақсылығын, көз бен көңіл қуантар қуанышын әкелсін. Қызметіңіз жемісті болып, кәсіби еңбек жолыңызда үлкен жетістіктерге жетіңіз. Отбасыңызда бақыт пен береке болсын. Денсаулық, табыс тілейміз! Алла тағалам алдағы уақытта көп жылғы бейнетіңіздің лайықты зейнетін көріп, әдемі, салиқалы қартаюды нәсіп етсін.

Бақ-байлықтан арылмасын басыңыз,
Қуаныштан шаттаныңыз, тасыңыз.
Жаратушың демеу болып әрқашан,
Жылдан жылға арта берсін жасыңыз.

Құттықтаушылар: достары.



ӨРТТЕРДІҢ АЛДЫН АЛУ

Электрден болатын өрттердің негізгі себебі - ол қысқа тұйықталу, желінің шамадан тыс жүктелуі. Осындай болмау үшін электр сымдарын жөн жағдайда ұстау керек, ал қысқа тұйықталудан және желінің торда шамадан тыс жүктелуінен (бірнеше электрқондырғыларды бірден қосу) болатын өрттердің алдын алу үшін тарату қалқаншада міндетті түрде заводта жасалған сақтандырғыштар болу қажет.

Сондықтан әрқашанда тек заводта жасалған сақтандырғыштарды қолдану қажет. Қысқа тұйықталу электрсымда да болу мүмкін. Сондықтан ол жөн жағдайда болу керек.

Өрт электр шамынан да болу мүмкін, оның вольфрам сымы қызған кезде көп жылу шығарады. Өрт болмау үшін электршамдар қағаз және мата абажурларға тимеу қажет.

Ә.ҚАБДЕШОВ,

Сарқан ауданы ТЖБ аға инженері.

РАЗЫСКИВАЕТСЯ БЕЗ ВЕСТИ ПРОПАВШАЯ

Сарканского РОП

разыскивается без

вести пропавшая

Бетикеева Нурба-

тыш Айтыбаевна,

19.10.1967 года рож-

дения, уроженка

Сарканского района,

область Жетісу, про-

живающая Саркан-

ский район Черкасский сельский округ

село Ешкіөлмес ул. Тынышбаева д. №97,

область Жетісу, которая 26.04.2026 года

в 22:30 вечера вышла из дома и до на-

стоящего времени не известно её место-

нахождения.

Приметы: Рост 165-170 см, средне-

го телосложения, волосы темного цвета

короткие, брови прямые, глаза темные,

спинка носа прямая, губы тонкие.

Была одета: Куртка черного цвета,

сини халат, обувь белого цвета (мокси-

ны).



Қасіретпен жеткен жеңіс

1941-дің жылы еді,
Ұйықтап жатқан СССР-дің бар елі.
Таңғы 4-те 22-ші маусымда,
Немістердің Брестті бомбалаған
күні еді.

Бомбалады жерімізді зұлым
фашист тоқтамай,
Кемпір-шалға, күнәсіз жас
сәбиге де қарамай.
Сапқа тұрды дәл сол күні 15-елдің
ұлдары,
Қорғау үшін елін-жерін
өз жандарын аямай.

Батыр туған қыздарымыз Әлия,
Мәншүк мергенді,
Жақын келіп пулеметпен жауын
дәлдеп көздеді.

Жаным тынбайды көзін құртпай
мына зұлым фашисттің,
Деп екеуі Отанына өз серттерін
берген-ді.

Рейхстагқа қызыл туды тікті
қазақ баласы,
Жеңілді жау, соғыс бітті, жайнады
дала, қаласы.
Қаншама жыл тойлап жүрміз
қасіретпен жеткен жеңісті,
«Біріккенді жау алмайды»
дегенге, бүкіл әлем келісті!

Гнаш **ШАДИБАЕВА,**
«Жанұя отбасын қолдау
және белсенді ұзақ өмір сүру»
орталығының қызмет алушы
зейнеткері.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Сарқан су құбыры» ШЖҚ МКК Қазақстан Республикасының «Табиғи монополиялар туралы» Заңына сәйкес 2026 жылғы 1 шілдеден бастап сумен жабдықтау қызметтеріне жаңа тарифтер енгізілетінін хабарлайды.

Жерүсті су көздерінен сумен жабдықтау қызметін пайдаланатын тұтынушылар үшін тарифтер 2025 жылғы 10 сәуірдегі №15 бұйрыққа сәйкес енгізіледі.

2025–2027 жылдарға арналған Сарқан қаласы, Алмалы а., Қойлық а., Бақалы а., Қарауылтөбе а., Тасқұдық а. бойынша су шаруашылығы қызметтеріне (сумен жабдықтау) тұтынушылар топтары бойынша ҚҚС-ты қоса есептегенде, дифференциалды тарифтер

№	Тұтынушылар тобы	01.05.2025 ж	01.07.2025 ж	01.07.2026 ж	01.07.2027 ж
1	Жеке тұтынушылар	131,82	136,59	136,73	137,89
2	Бюджеттік мекеме	518,65	537,40	537,95	542,51
3	Басқа тұтынушылар	284,36	294,64	294,94	297,44

Жерасты су көздерінен сумен жабдықтау қызметін пайдаланатын тұтынушылар үшін тарифтер 2024 жылғы 29 мамырдағы №39 бұйрыққа сәйкес енгізіледі.

2024–2028 жылдарға арналған Аққайын а., Ешкіөлмес а., Ақтума а., Черкасск а., Абай а., Бірлік а., Аманбөктер а., Еркін а., Тополевка а., Шатырбай а., Пограничник а., Қарабөгет а., Екіаша а., Лепсі а., Қарашыған а., Көкөзек а., Шұбартүбек а., Көктерек а., Көкжиде а., Қарғалы а., ДЭУ аумағы бойынша су беру қызметтеріне тұтынушылар топтары бойынша ҚҚС-ты қоса есептегенде, дифференциалды тарифтер

№	Тұтынушылар тобы	01.07.2024 ж	01.07.2025 ж	01.07.2026 ж	01.07.2027 ж	01.07.2028 ж
1	Жеке тұтынушылар	151,2	161,30	166,14	171,12	176,26
2	Бюджеттік мекеме	469,82	524,20	540,08	556,43	573,26
3	Басқа тұтынушылар	280	298,70	307,67	316,90	326,41

ШЖҚ «Сарқан су құбыры» МКК әкімшілігі.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГКП на ПХВ «Сарқан су құбыры» уведомляет потребителей о том, что в соответствии с Законом Республики Казахстан «О естественных монополиях» с 1 июля 2026 года вводятся в действие новые тарифы на услуги водоснабжения.

Для потребителей, получающих воду из поверхностных источников водоснабжения, тарифы вводятся согласно приказу № 15 от 10 апреля 2025 года.

Дифференцированные тарифы с учетом НДС по группам потребителей на услуги водоснабжения г. Сарқан, с. Алмалы, с. Койлык, с. Бакалы, с. Карауылтөбе, с. Таскудык на 2025 -2027 годы

№	Группа потребителей	с 01.05.2025 г	с 01.07.2025 г	с 01.07.2026 г	с 01.07.2027 г
1	Физические лица, относящиеся к категории населения	131,82	136,59	136,73	137,89
2	Бюджетные организации	518,65	537,40	537,95	542,51
3	Прочие потребители	284,36	294,64	294,94	297,44

Для потребителей, получающих воду из подземных источников водоснабжения, тарифы вводятся согласно приказу № 39 от 29 мая 2024 года.

Дифференцированные тарифы с учетом НДС по группам потребителей на услуги водоснабжения с. Аққайын, с. Ешкіөлмес, с. Ақтума, с. Черкасск, с. Абай, с.Бірлік, с.Аманбөктер, с.Еркін, с.Тополевка, с.Шатырбай, с.Пограничник, с. Қарабөгет, с. Екіаша, с. Лепсі, с. Қарашыған, с. Көкөзек, с. Шұбартүбек, с. Көктерек, с. Көкжиде, с. Қарғалы, с. ДЭУ на 2024-2028 годы

№	Группа потребителей	с 01.07.2024 г	с 01.07.2025 г	с 01.07.2026 г	с 01.07.2027 г	с 01.07.2028 г
1	Физические лица, относящиеся к категории населения	151,2	161,30	166,14	171,12	176,26
2	Бюджетные организации	469,82	524,20	540,08	556,43	573,26
3	Прочие потребители	280	298,70	307,67	316,90	326,41

Администрация ГКП на ПХВ «Сарқан су құбыры».